



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
С. ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПАВЛОДАРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С. ТОРАЙГЫРОВА




**ЖАС ҒАЛЫМДАР, МАГИСТРАНТТАР, СТУДЕНТТЕР
МЕН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ
«ХІІІ СӘТБАЕВ ОҚУЛАРЫ» АТТЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**



**МАТЕРИАЛЫ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ, МАГИСТРАНТОВ,
СТУДЕНТОВ И ШКОЛЬНИКОВ
«ХІІІ САТПАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ»**

Том ХVІІ «Жас ғалымдар»



Павлодар
2013



К.С. Смаилова, Г.Е. Азимбаева, Б.М. Бутин Urtica Dioca L құрамындағы биологиялық белсенді заттардың мөлшерін анықтау	122
Е.Б. Совет, М.К. Жукенов Тетрагоналды сингониялы анизотропты магнитэлектрлік органың $4'$, $4'$, $4'/m'$ класстары үшін электромагниттік толқындар таралуының коэффициенттер матрицасы	124
К. К. Теленгутова Салауатты өмір салты – ұзақ та бақытты өмір сүрудің кепілі	126
R.M. Ualiyeva The features of morphofunctional organization of digestive system of trematodes	129
А.С. Хлопкова, Д.Д. Есимова, М.А. Бессарабова, А.Г. Царегородцева Понятие туристского региона. Туристские макрорайоны региона Южной Азии	130
А.С. Хлопкова, А.Г. Царегородцева Туристские макрорайоны Юго-Западной Азии	133
Г.И. Шамсутдинова Использование интерактивных методов в учебно – производственном процессе на уроках географии для развития творческой активности учащихся	135
С. Х. Юнусалиев Миграция в Республике Казахстан	136

10 СЕКЦИЯ. ЭКОНОМИКА
10 СЕКЦИЯ. ЭКОНОМИКА

Д.Е. Абилова Прогнозирование финансирования в промышленных предприятиях	140
Н.Ш. Альжанова, Т.М. Бергузинова Современный рынок страховых услуг Казахстана: проблемы и перспективы	144
А.Х. Амерханова, А.Д. Жуматаева Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығының ерекшелігі және қазіргі жағдайы	146
А.К. Амирин, Ш.А. Грушева Зарубежный опыт создания эффективного аппарата государственного управления	147
А.К. Амирин Особенности, задачи, функции, принципы государственного управления	151
В.В. Артыкбаева, Г.Ж. Маканова, Ж.Д. Нурғалиева Казахстанско – Британский бизнес форум	154
З.М. Әмішева Қазақстан Республикасының еңбек нарығын реттеудегі “Жұмыспен қамту-2020” бағдарламасының рөлі	156
Д.С. Бекниязова Анализ механизмов государственной поддержки инновационной деятельности Республики Казахстан	159
Т.Н. Джуматаев, М.М. Мухамедова Использование аутсорсинга в лизинговых сделках	162
Б.С. Досжанова Қазіргі жағдайларда Қазақстан Республикасында банктік жүйені дамыту	165
М.М. Мухамедова, Н.М. Закриянова, Б. С. Досжанова Методы внедрения риск-контроллинга для управления финансовыми рисками предприятия	167
Г.Б. Жаулыбаева Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерліктің даму тенденциялары	171
С. К. Жолмухамбетов, Х.Х. Қусаннов Қазақстан халқының инвестициялық мәдениетін дамытумен қаржылық сауаттылығын көтеру, халықтық IPO бағдарламасының артықшылықтары мен кемшіл тұстары	173
А.А. Ибраев Необходимость внутрифирменного планирования на промышленном предприятии	176
А.А. Ибраев Внутрифирменные расчеты: их принципы, механизмы и особенности, как главная составляющая внутрифирменного планирования	180
Д.К. Кабдрахманов Совершенствование управления рисками коммерческих банков в кризисных условиях функционирования	183
Г.А. Кабисва Проблемные вопросы кадровой политики в государственных органах Республики Казахстан (на примере Павлодарского региона)	186

дәрі-дәрмек ретінде маңызды зор. Мысалға атап айтсақ, полифенол рақ пен жүрек ауруына таптырмай антициандар тамақ өнеркәсібінде бояғыш зат ретінде, каротиноидтар А дәруменін негізгі құраушысы, пек заттар адам организмнен радиоактивті заттарды, ауыр металдарды ығыстырып шығарады [11].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, Алматы, 2004ж.
2. Соколов С.Я. Фитотерапия и фитотермокология: Руководство для врачей /С.Я. Соколов. – М.: Информ. Агентво, 2000г. 97с.
3. Ловкова М.А, Рабинович М.А, Понмарева и др.-М.:1991.-№8.-С.7
4. Бродова М.С. Исследование фитопрепаратов и оценка их качества с использованием специфических ферментных биотест-систем *in vitro*: Автореф. Дис. ...канд. фарм. наук 15. 00.02 Бродова; Москва, 2003.2:
5. Сошникова О.В. Изучение химического состава и биологической активности растений рода крап. Диссертация на соискание ученой степени кандидата фармацевтических наук., Курск. 2006. 170С
6. Турицев С.Н. Лекарственные растения в профилактике при пиелонефрите мочекаменной болезни/ Тур С.Н.//Фармация. -2003-№6. 44-45С
7. Ермакова А. И. Методы биохимического исследования растений. Ленинград: Изд. «Колос» 1972г.
8. Плешков Б.П. Практикум по биохимии растений. Москва:Изд. «Колос», 1985г. с. 120-122
9. Лазурьевский, Герентьева Г.В, Шамшурич Л.А, Практические работы по химии природных соединений. Изд. «Высшая школа» М:1966
10. Ботанико-фармакогносический словарь: Справ. пособие / Блинова К.Ф. Борисова Н.А. Гортин Г.Б и др.: Под ред. К.Ф.Блиновой, Г.П.Яковлева.—М.: Высш. шк.,1990.с.207
11. Назиолла Н., Азимбаева Г.Е., Бутин Б.М. *Elaeagnus angustifolia* гүлінің компонентті құрамын зерттеу. «Шоқан тағылымы-16» Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы// Көкшетау, 2012ж. 195-198

ӘОЖ 530

ТЕТРАГОНАЛДЫ СИНГОНИЯЛЫ АНИЗАТРОПТЫ МАГНИТЭЛЕКТРЛІК ОРТАНЫҢ $4'$, $\bar{4}'$, $4'/m'$ КЛАССТАРЫ ҮШІН ЭЛЕКТРОМАГНИТТІК ТОЛҚЫНДАР ТАРАЛУЫНЫҢ КОЭФФИЦИЕНТТЕР МАТРИЦАСЫ

Е.Б. СОВЕТ

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

М.К. ЖУКЕНОВ

ф.-м.ғ.к., доцент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Жұмыста тетрагоналды сингониялы анизатропты магнитэлектрлік орталардың $4'$, $\bar{4}'$, $4'/m'$ класстары үшін электромагниттік толқындардың таралу заңдылықтары зерттелді. Магнитэлектрлік ортада электромагниттік толқындардың таралуы Максвелл теңдеулерімен сипатталады:

$$\begin{cases} \operatorname{rot} \vec{E} = -\frac{\partial \vec{B}}{\partial t} \\ \operatorname{div} \vec{B} = 0 \end{cases} \quad \begin{cases} \operatorname{rot} \vec{H} = \vec{j} + \frac{\partial \vec{D}}{\partial t} \\ \operatorname{div} \vec{D} = \rho \end{cases} \quad \vec{j} = 0; \rho = 0$$

Зарядтардың көлемдік тығыздығы, токтардың тығыздықтар векторының және толқындық шешімдерінің уақытқа гармоникалық тәуелділігі болмағанда, Максвелл теңдеулері келесі түрде жазылады:

$$\begin{cases} \operatorname{rot} \vec{E} = -\frac{\partial \vec{B}}{\partial t} \\ \operatorname{rot} \vec{H} = \frac{\partial \vec{D}}{\partial t} \end{cases} \quad (1)$$

Еркін энергиядан В және Н, D және E компоненттерін байланыстыратын материалдық теңдеулерін шығарамыз:

$$F = F_{3M} + F_{3N}, \quad F_{3N} = -\alpha_{ij} E_j H_j \quad (2)$$

мұндағы F_w - магнитэлектрлік эффектісі бар өріс үшін еркін энергия.

Магнитэлектрлік эффектісі бар тетрагоналды сингониялы анизотропты диэлектриктер үшін:

$$\hat{\varepsilon} = \begin{bmatrix} \varepsilon_{11} & \varepsilon_{12} & 0 \\ \varepsilon_{12} & \varepsilon_{22} & 0 \\ 0 & 0 & \varepsilon_3 \end{bmatrix} \quad \hat{\mu} = \begin{bmatrix} \mu_{11} & \mu_{12} & 0 \\ \mu_{12} & \mu_{22} & 0 \\ 0 & 0 & \mu_{33} \end{bmatrix} \quad \hat{\alpha} = \begin{bmatrix} \alpha_{11} & \alpha_{12} & 0 \\ \alpha_{12} & -\alpha_{11} & 0 \\ 0 & 0 & 0 \end{bmatrix}$$

мұндағы ε_{ij} , μ_{ij} - диэлектрлік және магниттік өтімділіктер тензорларының компоненттері; α_{ij} - магнитэлектрлік эффектісінің симметриялы емес тензордың компоненті. Магнитэлектрлік эффектісі бар тетрагоналды сингониялы анизотропты ортада электромагниттік толқындардың таралуы келесі коэффициенттер матрицасымен сипатталады:

$$B = \begin{pmatrix} 0 & b_{12} & b_{13} & b_{14} \\ b_{21} & 0 & b_{14} & b_{24} \\ -b_{24} & b_{14} & 0 & b_{34} \\ b_{14} & -b_{13} & b_{43} & 0 \end{pmatrix} \quad (3)$$

мұндағы

$$b_{12} = \frac{n^2 - \omega^2 \varepsilon_0 \varepsilon_{33} \mu_{11} \mu_{12}}{i\omega \varepsilon_0 \varepsilon_{33}} \quad b_{13} = -\frac{mn}{i\omega \varepsilon_0 \varepsilon_{33}} \quad b_{14} = i\omega \alpha_{11} \alpha_{12} \quad b_{21} = \frac{m^2 - \omega^2 \varepsilon_0 \varepsilon_{12} \varepsilon_{22} \mu_0 \mu_{33}}{i\omega \mu_0 \mu_{33}}$$

$$b_{24} = -\frac{mn}{i\omega \mu_0 \mu_{33}} \quad b_{34} = -\frac{n^2 + \omega^2 \varepsilon_0 \varepsilon_{11} \mu_0 \mu_{33}}{i\omega \mu_0 \mu_{33}} \quad b_{43} = -\frac{m^2 + \omega^2 \varepsilon_0 \varepsilon_{33} \mu_0 \mu_{12} \mu_{22}}{i\omega \varepsilon_0 \varepsilon_{33}}$$

Толқын хz ($n = 0$), ху ($m = 0$) жазықтықтарында таралу жағдайлары үшін:

$$B = \begin{pmatrix} 0 & b_{12} & 0 & b_{14} \\ b_{21} & 0 & b_{14} & 0 \\ 0 & b_{14} & 0 & b_{34} \\ b_{14} & 0 & b_{43} & 0 \end{pmatrix} \quad (4)$$

мұндағы хz ($n = 0$) жазықтығы үшін

$$b_{12} = i\omega \mu_{11} \mu_{12} \quad b_{14} = i\omega \alpha_{11} \alpha_{12} \quad b_{21} = \frac{m^2 - \omega^2 \varepsilon_0 \varepsilon_{12} \varepsilon_{22} \mu_0 \mu_{33}}{i\omega \mu_0 \mu_{33}}$$

$$b_{34} = i\omega \varepsilon_0 \varepsilon_{11} \quad b_{43} = -\frac{m^2 + \omega^2 \varepsilon_0 \varepsilon_{33} \mu_0 \mu_{12} \mu_{22}}{i\omega \varepsilon_0 \varepsilon_{33}} \quad (5)$$

ху ($m = 0$) жазықтығы үшін

$$b_{12} = \frac{n^2 - \omega^2 \varepsilon_0 \varepsilon_{33} \mu_{11} \mu_{12}}{i\omega \varepsilon_0 \varepsilon_{33}} \quad b_{14} = i\omega \alpha_{11} \alpha_{12} \quad b_{21} = i\omega \varepsilon_0 \varepsilon_{12} \varepsilon_{22}$$

$$b_{34} = -\frac{n^2 + \omega^2 \varepsilon_0 \varepsilon_{11} \mu_0 \mu_{33}}{i\omega \mu_0 \mu_{33}} \quad b_{43} = i\omega \mu_0 \mu_{12} \mu_{22} \quad (6)$$

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Глеукунов С.К., Оспан А.Т. Изучение электромагнитных полей в анизотропных средах. Алматы, 2001. – 67с.
2. Глеукунов С. К., Жукенов М. К., Курманов А. А. Структура фундаментальных решений системы уравнений 3. Максвелла для электромагнитных полей в анизотропных средах при наличии проводимости, – Вестник ПГУ, – 2004, № 1. С. 9 – 16.

3. Жүкенов М.Қ., Бектемиров Ж., Совет Е.Б. Кубтық сингониялы анизотропты магнитэлектрлік ортада электромагниттік толқындардың таралуы, - Вестник ПГУ, -2011, №2.
4. Жукенов М.Қ., Совет Е.Б. Тетрагоналды сингониялы магнитэлектрлік ортада электромагниттік толқындардың таралуы // Материалы респуб. научно-практической конф.: «III Шаяхметовские чтения» - Павлодар, 2011. - 322-324б.
5. 22 Жукенов М.Қ., Совет Е.Б. Тетрагоналды сингониялы анизотропты магнитэлектрлік ортада электромагниттік толқындардың шағылу және сыну есебін шығару // Материалы междунар. науч. конф. «XII Сатпаевские чтения». - Павлодар, 2012. - Т. 11. - 281-284 б.
6. Жүкенов М.Қ., Совет Е.Б. магнитэлектрлік анизотропты орталар үшін электромагниттік толқындардың таралуын сипаттайтын коэффициенттер матрицалары, - Вестник ПГУ, -2011, №3-4.

ӘОЖ 517.4

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ – ҰЗАҚ ТА БАҚЫТТЫ ӨМІР СҮРУДІҢ КЕПІЛІ

К.К. ТЕЛЕНГУТОВА

валюлогия пәнінің мұғалімі, А. Баймульдин ЖОМ, Лебяжі ауданы

Қай халық болсын өзінің әлемдік деңгейде қолын жеткізер ұлттық тағдырының құнды, ішкілік астары қалыптасуға тиіс қасиет көріністеріне алдымен үніледі. Ел ертеңін ұрпақ келешегін ойлаған халық есін жиі еңсесін көтеріп, санасын саралап, салтын сабақтап, алдымен ұлттық тағылымына жүгінеді. Ойына оратып, тілін кезеп, тектік дәстүрлеріне көшеді. Өнерін өсіріп, еңбегін еселеп, аманын түзеп ағза саулығына ден қою.

«Біз өзіміздің болашағымызды және балаларымыздың болашағын қандай күйде көргіміз келеді, осыны айқындай алатын уақыт жетті» деп көрсетілген Ел басы Н. Назарбаевтың 2030 жылға арналған стратегиялық бағдарламасында. Ендеше еліміздегі ұлттық қоғамды кемелдендіру үшін ел болашағы – жас ұрпақты салауатты өмір салтын қалыптастыруға тәрбиелей отырып, рухтық тәлім қалыптастыру шараларын Сол өз ұлттық рух тағылымдарының қағидаларымен тәрбиеленген халықтың ұлттық намысы берік, ұрпақты ұяты нұрлы, иман, инабатты шырайлы, қадыр-қасиеті жоғары болады. Әлемде өмір сүріп жатқан халық болсын, өзінің ұлттық рухының негізін өз ұрпағының бойына сіңіріп, солардың игі бақыты туралы көп ойланады, тереңнен толғанып шешімдер қабылдайды. Оларды бүгінгіден әлде қайда артық өмір сүргізу үшін оларға құнды-құнды қасиеттерді, мінездерді қалыптастырады. Қазақ халқының ұлылығы басым тұғыр тағлымы аясында ұлды ұлық ұлылығымен, қызды сан қырлы қылықтылығымен рухты өсіп тәрбиелеу – бүкіл халқымыздың, әсіресе ата-аналар мен тәлімгер ұстаздардың түпкілікті міндеті. Сондықтан ұлттық мәдениетті бойында қалыптастырған, рухани жағынан жан-жақты дамыған ұрпақты тәрбиелеу үшін, ең алдымен оның денсаулығын сақтау мен нығайтуды, салауатты өмір салтын қалыптастыруды ойланған жөн.

Қазір адамзат болашағына табиғат күйзеліс қаупі төніп тұрған кезде адам өміріне жауапкершілікпен қарап, баланың жеке тұлға болып қалыптасуына ерекше назар аударған жөн. Бұл жұмыста әрбір оқушының өзіне деген сенім, қоғамға деген қажеттілігін сезіну, өзінің қалыптасуына, өзін-өзі тәрбиелеуге, денесін шынықтыруға денсаулығын сақтауға, бір сөзбен айтқанда, өз организмнің мүмкіндіктерін толық пайдалана алатын жас тұлғаны қалыптастыру шарт.

XXI ғасыр – даму ғасыры. Алайда, дәрігерлердің айтуынша, көптеген аурулар «жасарды». Жас кезде әртүрлі ауруларға тап болу, организм мүмкіндіктерінің таусылғанынан емес, оның мүмкіндіктерін дұрыс пайдалану білмегендіктен екені дәлелденуде. Адам организмнің мүмкіндіктері үлкен, оны тек дұрыс пайдалана білу қажет. Адам организмнің мүмкіндігі өте жоғары екендігін мына бір мысалдан көруге болады. Жәй қалыпта жұмыс кезінде адам өкпесі арқылы 5-9 литр ауаны бір минутта өткізсе, ал шыныққан адамдар минутына 150 литр ауаны өткізе алады екен. Бұл қалыпты жағдайдан отыз есе артық. Мұндай мүмкіндік барлық органдарда (жүреkte, бүйреkte және т.б.) бар екендігі ғылыми тұрғыда дәлелденген.

Еліміз азаматтарының салауатты өмір салтын қалыптастыру – қазіргі уақыттағы ең көкейкесті мәселелердің бірі. Бұл мәселенің маңыздылығы қоғамымыздың әлеуметтік жағдайына, экономиканың бүгінгі уақыттағы жағдайына, экологияның нашарлауына, азаматтардың өз денсаулығына жауапкершіліксіз қарауы себептерімен байланысты да арта түседі.

Жер шары халықтарын әлеуметтік - гигиеналық тексеріске алу нәтижесінде жинақталған құжаттардан талдағаннан кейін ДДСҰ (дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы) мынадай қорытынды жасады.

«Тұрғындар денсаулығының қалпы – 49–53% шамасында, өмір сүру салтына байланысты, яғни өмір денсаулығына деген көзқарасына байланысты, 17-20% шамадан тыс ортаға (жыл санап бұл фактор әлемдік экологиялық жағдайсыздықтардың асқынуынан кең етек алып келе жатыр), 18-22% тұқым қуалайтын себептерге (генотип), жеке бас ерекшеліктері және тағы басқа, 8 – 10% денсаулық сақтау жүйелерінің қызмет жұмысына байланысты.